
ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ RELEVANT ISSUES OF LITERATURE STUDY

DOI 10.31489/2022Ph1/110-116

ӨОЖ 821.512.122

Ж.Ж. Жарылғапов, Б. Оразова*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru, b.oralova@mail.ru)*

Қасым Аманжолов — көркем аударма шебері

Мақала қазақ әдебиетінің классигі, ақын Қасым Аманжоловтың көркем аударма саласындағы шығармаларын зерттеуге арналған. Оның орыс әдебиетінің аса көрнекті өкілдері — М.Ю. Лермонтовтан, А.С. Пушкиннен, Н.А. Некрасовтан, В.В. Маяковскийден аударған өлеңдерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері талданған. Орыс ақындарының қазақ тіліндегі бірнеше нұсқаларымен Қ. Аманжолов аудармалары салыстырылған. Түпнұсқа мен аударма арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға әдеби-теориялық талдаулар жасалған. Түпнұсқалардың құрылымы мен қазақ ақынының аударма барысында қолданған тәсілдері көрсетілген. Буын, тармақтардың сақталуы, аударма-шығармалардағы идеяның жеткізілуі, стильдің дәл берілуі, тіл шұрайы қарастырылған. М. Лермонтов өлеңдерін аударудағы Абай тәжірибесі мен Қ. Аманжолов аудармаларының арасындағы өзгешелік сипаттар зерттелген. Осы арқылы қазақ әдебиетіндегі көркем аударма дәстүрінің қалыптасып, дамуындағы Қ. Аманжоловтың орнын айқындауға тың қадамдар жасалады.

Кілт сөздер: аударма, көркем аударма, Қ. Аманжолов аудармалары, түпнұсқа және аударма.

Kipicne

Қазақ әдебиеті де әлемдік әдебиеттің бір бөлшегі. Ұлттық әдебиеттану ғылымының алдында тұрған іргелі міндеттердің бірі – ендігі жерде қазақ әдебиетін жаһандық әдебиетпен байланыстары негізінде, адамзаттың көркемдік даму жолындағы жалпыға бірдей заңдылықтар аясында да қарастыра отырып, ұлт әдебиетінің өзіндік сипаттары мен жетістік-кемшіліктерін анықтау.

Әдебиеттер арасындағы байланыстардан екі жақтық қарым-қатынасты аңғара аламыз. Қазақтың бай ауыз әдебиетіндегі, әдебиет тарихындағы халықаралық байланыстарға бойласақ, көне ғасырлар қойнауына кетеміз. Бір анығы — ұлттық әдебиеттің дамуы үшін мұндай қарым-қатынастың оң әсері мен тигізер пайдасы зор. Шығыстық жауһарларды біршама игерген, шығыстық әдеби үлгілердің дәстүрін ұлттық салт-санаға сай қабылдап, өзіндік көркем өнер дамуының динамикасына икемдеп келген қазақ әдебиетінің алдынан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлеми құндылықтардың жаңа бір есігі айқара ашылды. Ұлттық әдебиет енді Еуропа антикасымен, Қайта өрлеуімен, ағартушылық дәуірімен бетпе-бет келді. Ежелгі Грек мәдениеті, гомерлік поэзия, Софокл мен Бокаччо, Сервантес пен Шекспир, Мольер мен Буало, Пушкин мен Толстой т.б. мұраларындағы күрделі рухани мәселелердің (ғылым мен техника жетістіктерін айтпағанда) алдынан шығуы, салт-саналық, дәстүрлік негізде дамып келген қазақ сөз өнеріне оларды шұғыл түрде меңгеруге итермеледі.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: b.oralova@mail.ru

Зерттеудің деректері мен әдістері

Әлемдік өркениеттің ең озық дәстүрлерін игеру барысында ұлттық әдебиеттің өрісі кеңеюімен қатар, қарама-қарсы қатынастағы бүкіләлемдік тарихи дамуға да үлес қосылады. Қатарға жаңа мәдени-рухани ерекшелігі бар ұлттық мәдениеттің қосылуымен бірге әлемдік мәдениет басқа халықтарда жоқ, өзге сипаттағы құндылықтармен толыға түседі. Ұлттың қоғамдық-мәдени тұрғыдан соны көкжиектер ашылып жаңа қоғамдық сана формалары туады.

Мәселен, Абай туындыларындағы өзгеше ойлау мен өзгеше таным ұлт сөз өнерінің мазмұндық қабаттарына ғана емес, оның жанрлық құрылымына да дәуірлік өзгерістер жасалуына түрткі болды. Кемеңгер суреткердің шығармашылығын қазақ көркем прозасының қалыптасуына орай сөз ететін А. Исмақованың: «Абай — өз шығармашылығында Шығыс пен Батыс сияқты қос бастауды алғаш синтездеген қазақ мәдениетіндегі ренессанстық тұлға болды», – деген тұжырымы әбден орынды [1: 154]. Өйткені Абай арқылы әдебиетаралық алмасулар мен шығармашылық қарым-қатынастардың көпвекторлығы орнықты. Сонымен бірге осы тұста Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы шығармалары да XIX ғасырдағы жедел дамудың негізгі катализаторлары болды. Ал бұл құбылыстардың табиғатын ашу барысында салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-типологиялық, сипаттау әдістері басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Қандай да бір ұлттың әдебиеті дүниені көркемдік таным арқылы қабылдау тарихының ұзақ жолында басқа елдердің үздік тәжірибелерін бойына сіңіру арқылы ол халықтар жүріп өткен мәдени-рухани сатылардың ерекшеліктерін қажетінше қабылдайды. Мұнда аударма-шығармалардың атқаратын рөлі де орасан. Олай дейтін себебіміз, XIX ғасырдағы аудармалармен бірге бізге әлем классиктерінің ағартушылық-гуманистік, демократияшыл көзқарастарымен қоса, адамзаттың антикалық, ортағасырлық, ренессанстық, жаңа дәуірлік таным-бағыттары келді. Бұл тұрғыда Шығыс, Батыс, орыс мәдениеті және философиясымен байланысы анағұрлым кең түрде көрінетін Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық өмірбаяны айрықша ілгерішіл құбылыс болды. Шәкәрім Батыс пен Шығыстың дүниетаным негіздерін терең меңгере отырып, ұлттық ерекшеліктерге сай шығыстық, батыстық көркемдік таным формаларын поэтикалық интерпретациялау арқылы қазақ әдебиетіне орнықтыруға күш салды. Ол Гомерді оқуы арқылы ежелгі грек, римдік жәдігерлермен, Байронды зерттеу арқылы романтизм дәуірінің эстетикасын, Абай ықпалымен Гетені тану арқылы жаңа дәуірдің көркемдік ұстанымдарын, А. Пушкин, Л. Толстой сынды әлемге мәшһүр болып үлгерген замандастарының гуманистік идеяларын жаңа сапада қалыптаса бастаған жазба әдебиетінің көркемдік қабаттарына сіңіруге тырысты. Ойшыл суреткер шет елдің озық рухани мұраларын мақсатты түрде зерттеп-игеруі, олардағы соны тәжірибелерді ұлттың көркем ой дамуына сәйкестендіре пайдалануға деген ұмтылысы бірнеше аудармалар жасауға мұрындық болып, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы әдебиеттің жедел дамуына тың серпіндер берді. Шығыстың «Ләйлі-Мәжнүн», Қожа Хафиздің жырларымен қатар, Л. Толстойдың «Ассирия патшасы Асархадон», «Үш сауал» т.б. әңгімелерін, А. Пушкиннің «Дубровскийі» мен «Боранын», американ жазушысы Гарриэт Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» романын аудару арқылы ұлттық әдебиеттің рухани байланыс аумағын кеңітті. Біздің айтпағымыз, Шәкәрімнің өзге елдердің прозалық шығармаларын аударуға ден қоюы қазақ сөз өнерінің басқа сатысына аяқ басуына, көркемдік таным аясының кеңеюіне аса маңызды бетбұрыс болғандығы.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алған қазақ әдебиетінің жедел даму фазасына шығуында аударманың тарихи рөлі орасан. Абай, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, Б. Өтетілеуов, М. Сералин жасаған аудармалар әлемдік көркемдік таным үрдісінің ұлттық әдебиет өтіп үлгермеген сатыларын жедел түрде меңгеруге, қоғамдық сананың жаңа формаларын тудыруға аса үлкен ықпал жасады. А. Байтұрсынов әдеби ағым-бағыттарға тікелей тоқталмаса да Еуропадан ауысып келген және келуі мүмкін әдеби құбылыстардың сырын ашу қажет деп санаған. «...Бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Еуропадағы басқа жұрт алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Еуропадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз» [2: 144] немесе «Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр. Және сол бетімен баратындығы байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанымен, ілгеріде болуы ықтимал. Сондықтан да сындар

дәуірдегі сөз түрлерін жүйелеп тәртіптегенде, Европа әдебиетінің бізге келіп жетпеген түрлерін де өзіне тиісті орындарында атап өтеміз», – деген сөздері әлгіндегі мақсаттан туындайды [2: 162]. Яғни ұлт ғылымының болашағын ойлаған ол жан–жақты әрі толық әдебиет теориясын жасау мақсатында ұлттық топырақта әлі көрініс бермеген құбылыстарды да қамту керектігін терең түсінген.

Көркем аударма жайын арнайы қарастырып, әдебиеттану ғылымының межелі тақырыбына айналдыра бастау — XX ғасырдың басына тиесілі. Өзі де әлем классикасынан 30–ға тарта шығармалар аударған Ж. Аймауытұлы «Аударма туралы» (1925) деген мақаласында аударудың принципі туралы сөз қозғайды. Абайдың аудармашылық шеберлігі жайлы жазған Б. Кенжебаев, Пушкин туындыларының қазақ тіліне тәржімалары турасында сөз қозғайтын Е. Алдоңғаров та көркем аударманың теориялық түйткілдеріне назар салды. Бұл саланы арнайы ғылыми тақырып етіп, әдеби–теориялық категориялармен қарастыратын М. Әуезовтің еңбегі орасан. Оның «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы», «Ревизордың» аудармасы туралы», «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы», «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не береді», «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» сынды мақалаларында аударма–шығармалардағы идеяның жеткізілуі, стильдің дәл берілуі, тіл шұрайы ауқымды қарастырылады. М. Әуезов: «Аударма теориясын жекелеп жіктеп қарастырғанда кейінгі кезде біздің одақ көлеміндегі әдебиетте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталады, бірі — аударма тіл зерттеу ғылымның ауқымына енетін сала болғандықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі — біздіңше, дұрыс бейім аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да, эстетикалық принциптерді, көркемдік таразыны алғы талап қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиет таныту теориясын зерттейтін объект», – дей отырып, аударманы әдебиеттану ғылымының маңызды нысаны екенін дәлелдейді. [3: 6-7]. Әрине аударма филологияның ортақ саласы екені рас. Бұл бағыттағы М. Әуезовтің діттегені — аударманы ғылым деңгейіне жеткізіп, теориясын жетілдіру. Аударманың теориялық мәселелері кейін, 1957 жылы Алматыда өткен аудармашылардың бүкілодақтық жиынында арнайы талқыланды. Сондағы М. Қаратаевтың баяндамасында да аударма ісіндегі жетістіктер мен кемістіктер, бұл орайдағы теориялық зерттеулердің кемшіндігі тілге тиек етілді. Кейін осы аударма теориясына монографиялық зерттеу жазған Ә. Сатыбалдиев пен С. Талжановтар бұл істі айтарлықтай алға жылжытты. «Бүгінгі ғылым дүниесінде талас туып жүр. Ол аударма тіл ғылымына жата ма немесе әдебиет зерттеу ғылымына жата ма дегенге саяды. Біздің айтарымыз, аударма екеуіне де жатады, екеуіне де молынан жетеді. Тек қана көркем шығармалардың аудармасына келгенде, мұның әдебиет ауқымына кіретінін ұмытпау керек», – деген С. Талжановтың тұжырымы аударматануды әдебиеттану нысанына айналдырудың шегарасын айқындап алуға ықпал етті [4: 136].

Біз жоғарыда сөз етіп отырған ғылыми ізденістер негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын алған орыс әдебиет үлгілерінің аударылуына байланысты еді. Әлемдік деңгейде мойындалған туындылардың қазақ ортасына келуінде орысша нұсқаның аралық қызмет атқарғаны да белгілі. Орыс қаламгерлерін қазақша сөйлетудегі Ыбырай, Абай бастаған дәстүр XX ғасыр басында айрықша қарқын алды. Бұл қарқын 1980-жылдардың аяғына дейін әсте бәсеңдеген емес. Оған саяси себептермен де, таза эстетикалық мұратты көздеп барғандар да жеткілікті.

Аудармашылық шеберлігімен танылған қазақ әдебиетінің өкілдерінің бірі — Қасым Аманжолов. Аударма–туындылар Қасым шығармашылығының ең бір жарқын тұстары. Оралдағы «Екпінді құрылыс» газетінде негізінен аудармашы қызметін атқарғанын еске түсірсек, оның жас кезінен орыс тіліне өте жетік болғанын аңғарамыз. «Тегі, Қасым күллі дүниелік әдебиеттен мол үйренген жаны мәдениетті ақын. Пушкин, Некрасов, Абай, Низами, Байрон, Гетелердің бәрі Қасымға көптен таныс болатын-ды. Бірақ солардың ішінде ақындық рухы жағынан Лермонтов пен Маяковский оған өте–мөте бауырлас еді», – деп жазды Тәкен Әлімқұлов [5: 21]. Зерттеуші Қасым аудармаларын «творчестволық жарыс аудармасы» дейтіні бар.

1938 жылы жарыққа шыққан «Өмір сыры» атты тұңғыш жинағында Байронның «Чайльд Гарольд» поэмасынан үзінді және бір романс аудармасы, Некрасовтан екі өлеңнің аудармалары басылған. Ақын аудармаларын тұтас алып қарайтын болсақ, таңдауға түскен шығармалардың өзімен рухтас, ішкі кернеуі сәйкес түсіп жататынын аңғарар едік. Қасымды еліктірген да Байронның асқақ романтизмі еді.

Күрескерлік рух, оны ерекше сарынмен, екпіндете жырлау Қасымды Маяковскиймен үндестірді. Үндесіп қана қоймай, одан жасаған аудармаларын 1941 жылы «Бар дауыспен» деген атпен жеке жинақ етіп жариялайды. Маяковскийдің «Во весь голос» поэмасының үзіндісін және он шақты өлеңін

аударған ол өзінің төңкеріс әсерінен туған көңіл-күйін де береді. «Лениншілдер», «Мәжілісқорлар», «Марш», «Муссолини» т.б. аудармаларында маяковскилік пішінді дәл сақтауға, оның стилін сол калпында беруге ден қойған. Тіпті оған «Ақын» деген өлең арнап, «Даусы калды құлақта саңқылдаған, Жыры калды жүректе жарқылдаған, Жыр керек қой дүниеге, жыр керек қой, Неге ғана өледі ақын адам?!» деп толғанады. Оның ескі дүниені бұзып-жарып, жаңашылдық флагманына айналған образын береді. Әрине, бүгінгі күннің мінберінен көз жібергенде ақынның Маяковскийден аударған жырларынан әсіре төңкерісшілдік пафосты танимыз. Бұл жерде төңкеріс тудырған жаңалықтарға құлай сенген, соны алғаусыз жырлаған ақынның бейнесі алдымыздан шығады.

Қасымның жарқырай ашылған аудармашылық қыры Лермонтов есімімен байланысты. «Қасым қазақ тілінде лайықты тіл тауып, шебер аударма білді. Қасым Лермонтовты аударушы ғана емес, оны өзіне ақындық ұстаз деп те санаушы еді. Лермонтовқа тән асқақты романтика, жалынды пафос, терең сырлы бейнелеу, тақаппарлық, батылдық сезім күйлері Қасым поэзиясынан да байқалып отырады. Күшті дауылды, тулаған толқынды, қыран құсты, ажалдан қорықпаған өршіл жанды сипаттаған жырлары Қасымның өзіндік ақындық ерекшелігі болумен бірге Лермонтовпен үндестігін де байқататын. Абдолланың алып ерлікпен күресі, өлер шағында өмірмен қоштасулары Мцыридың жан сырларын да еске түсіргендей», – деп жазды Е. Ысмайылов [6]. Расында да Қ. Аманжоловтың Лермонтовты аударуға ден қоюы ең негізгі себебі — екі ақынның рух жақындығы, көркем ойлау мен оны пішінге түсірудегі стиль сәйкестігі. Қасымның ауыздықпен алысқан арынына, асқақ романтизміне Лермонтовтай ақын керек еді. Ол орыстың осы суреткерінен «Еврей сазы» (Байроннан), «Альбомға», «Ақын ажалы», «Тұтқын», «Қанжар», «Аттанып жылы шуақ бөгде жақтан», «Теректің сыйлықтары», «Отан», «Тамара», «Мейлі, ақынды сөге берсін», «Желкен», «Күн» сынды лирикаларын және «Маскарад» драмалық поэмасын аударды.

«Душа моя мрачна, Скорей певец, скорей» деп басталатын Байронның әйгілі «Еврей сазы» циклындағы «*My soul is dark*» өлеңі орыс оқырманына М.Ю. Лермонтов арқылы танылса, қазақ сахарасына ең алғаш Абай арқылы келді. Абай аударған шығармаға Қасымның да айналып келуінің себебі ұлы хакім бұл туындының екі шумағын ғана аударғанынан ба деп ойлаймыз. Абай аудармасына Қасымның да қатты сүйсіне отырып, бұл шығарманы түгелдей аударуға бет бұруы әбден мүмкін. Бұл өлең Абай аудармасында «Көңілім менің қараңғы, бол, бол ақын!» деп басталады. Қасым бұл өлеңді 1939–40 жылдары аударып, 1951 жылы жарыққа шыққан Лермонтовтың жинағына жариялаған.

Өлеңнің алғашқы шумағы Лермонтовта:

«Душа моя мрачна.

Скорей, певец, скорей!

Вот арфа золотая:

Пускай персты твои, промчавшись по ней,

Пробудят в струнах звуки рая»,

Абайда:

«Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!

Алтынды домбыраңмен келші жақын.

Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,

Бейіштің үні шығар қоңыр салқын»,

Қасымда:

«Жаралы жаным менің. Тез, тез әнші,

Арфаны мынау алтын қолыңа алшы.

Жорғалап жөнелгенде саусақтарың,

Пейіштің ыңыранып күйі аяншы», – болып келеді.

Абай аудармада өзін неғұрлым еркін сезініп, ұлттық ұғымдарды еркін пайдаланса (мысалы «арфа» емес, «домбыра»), Қасым түпнасақадан тым алысқа шығандамаған. Бұл Қ. Аманжоловтың 1930-жылдар соңындағы аудармасы. Кейін аудармаға төселген шағында поэтикалық еркіндіктерге барғаны мәлім.

Лермонтовтың «Дары Терек», «Кинжал», «Узник», «Парус» өлеңдерін Абай да Қасым да аударды. Абай шығармалардың үзінділерін алып, өзінше образдап, қысқартылған аудармаларын жасаса, Қ. Аманжолов орыс ақынында қанша жол болса, сонша тармақ етіп тәржімалап отырды. Мысалы, «Теректің сыйлықтары» «Дары Тереканың» дәл көркем аудармасы десек болады. Абай

аудармасы 38 жол болса, Қасым аудармасы — 76 жол. Лирикалық шығарманың тағы да бір шумағын алып қарайық:

Лермонтовта:

Терек воет, дик и злобен
Меж утесистых громад,
Буре плач его подобен
Слезы брызгами летят.

Абайда:

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып,
Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

Қасымда:

Тауды да тасты да жентектеп,
Дуылдап ұлып, өкіріп,
Долдана жылап өр тентек,
Ағады Терек жөңкіліп.

Абай аудармасында түпнұсқада жоқ образдау үлгілерімен кездесеміз, өлең құрылысында да өзгешеліктер айқын. Ал Қасым болса түпнұсқадағы тармақ, буын сандарын мүлтіксіз сақтауға тырысқан. Бұл аударманың көркемдік деңгейі төмен дегендік емес. Қасым аудармаларында да ұлттық ұғымға етене сөздерді қолдана отырып, Терек өзенінің асау мінезін дәл берген. Мәселен, «Тауды да, тасты да жентектеп» деп келетін тармақтағы «жентектеп» сөзінің өлеңге мейлінше ұлттық реңк үстеп тұр. Дәл осындай ерекшеліктерді ақынның М. Лермонтовтан жасаған басқа аудармаларынан да кездестіреміз. Орыс ақынының эпикалық туындысы – «Маскарадтың» аудармасында да сюжеттік-композициялық құрылымдағы ілгерішіл романтизмге тән стильдің ұзын-ырғасы сақталған.

Қасымның шығармашылық психологиясында ақынның өнерпаздық, азаматтық тұлғасы, ұстанатын мұрат–мақсаттары дейтін мәселелер айрықша қызықтырған. Оның ішкі сұранысы Лермонтовтың «Ақын ажалы» деген өлеңін аударуға себеп болды. «Ақын ажалында» биік романтикалық рух, асқақ суреттеулерге деген құлшыныс анық байқалады:

Мерт болды ақын, бықсық өсек,
Ар пендесін кетті жұлып,
Кеудесінде оқ, шөлдетіп кек,
Абзал басын иді сұлық.
Ұсақ ғайбат қорлығына
Төзе алмады ақын жаны,
Озбыр қауым зорлығына
Көнбей, жалғыз шықты тағы...

Қарап отырсақ романтизмнің әдісінде қолданылатын, идеал–тұлғаны көтермелеп жырлау, субъектінің өз ортасынан бөлектеп көтермелеу бар.

Қайсар ақынның образы Қасымның А.С. Пушкиннен аударған «Ақын», «Ақынға», «Жазушы мен ақын» туындыларында да сомдалады. 1936–1937 жылдары Қасым Пушкин туралы белгілі «Ақын ескерткіші», «Ақын» деген өлеңдерін де жазған.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Е. Ысмайылов өзінің естелігінде «Нақты зерттеп тереңдей оқыған біркелкі авторлары: орыстың революцияшыл–демократтары — Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев және Плеханов шығармаларын оқу үстінде бір күні маған Белинскийдің Гогольге жазған хатының қазақша аудармасын оқып берді. Терең ойға толы, өткір жалынды леппен, күрделі әдебиет тілімен жазылған Белинский шығармасына қазақ тілінің сөз байлығын, сөйлем құрамдарын сондайлық дәл жеткізіп пайдаланған Қасымның жазушылық, аудармашылық шеберлігіне қайран қалдым. Ол Белинскийдің «Александр Пушкин шығармалары» атты еңбегін қадағалап оқып, өзіне керекті жерлерін сызып, кейде кітаптың беттеріне жазып отырған» дейтіні бар [6]. Шындығында орыстың ұлы ақыны А. Пушкин Қасым шығармашылығынан айрықша орын алды.

Қ. Аманжоловтың аудармашылық қыры хақындағы сөз болса ең әуелі 1949 жылы Пушкин шығармаларының бір томдығына енген «Полтавасы». Өзі де поэма жазып машықтанған, «Жамбыл тойына», «Құпия қыз», «Ақын өлімі туралы аңыз» сынды кең тынысты туындыларды дүниеге әкеліп төселген ақын аталмыш туындыны әбден қырнап, соғысқа дейін нұсқасын жетілдіріп барып баспаға ұсынған.

Пушкиннен аударған «Қысқы кеш», «Чаадаевқа», «Арыстанды тырнағынан таниды», «Тұтқын», «Аракчеев туралы», «Еркіндік», «Дастархан жыры» өлеңдері, украин ақыны Т. Шевченкодан аударған «Жел қыяққа сыбырлап», «Тұрсам да Украинада, не жат жерде», «Жалғызбын мен, жалғызбын», «Даламен жүріп», «Туысқандық махаббат» туындылары, Н.А. Некрасовтан аударған «Сұрқия жыл», «Ақынға», «Таңертеңгі саяхат» өлеңдері мен «Саша» поэмасы, Твардовскийдің «Василий Теркин», Мирсаид Миршахардың «Алтын қыстақ» поэмалары, И. Шуховтың «Геміртау туралы әңгіме» деп аталатын көлемді очеркі, Белинскийдің «Гогольге хат» атты публицистикалық еңбегі сол кезеңдегі әдеби үдеріс үшін қосылған үлес қана емес, жалпы қазақ әдебиетінің даму жолындағы жан-жақты ізденістерін көрсететін шығармалар.

Қорытынды

Қасым Аманжолов орыс классиктерінен аударма жасағанда түпнұсқандан тым шығандап кетуге тырыспаған. Пушкин, Лермонтовтардан аударған туындыларында кейіпкерлердің өзіндік ерекшелігін, түрлі детальдардың бастапқы қалпын сақтауға тырысқандығы байқалады. Қазақ көркем аударма тарихында аударманы ұлттық болмысқа негіздеу, идеялық тұрғысын неғұрлым ұлттық танымға жақындату алдыңғы қатарда тұратын. Қ. Аманжолов ең әуелі таза эстетикалық мақсаттарды көздей отырып, аударып отырған ақынның өзіндік рухын, бейнелеу ерекшеліктерін танытуға ден қояды.

Қасым ақынның көп айтыла бермейтін қыры — шығыс поэзиясымен байланысы. Ол 1940–41 жылдары Низамидің туғанына 800 жыл толуына байланысты «Ләйлі–Мәжнүннен» үзінді аударды. Дастанды аударуға бірнеше автор қатысты. «Ләйлінің хаты», «Мәжнүннің хаты» бөліктері ақынның 1947 жылғы таңдамалысына басылып, Қасымның аударған тараулары 1955 жылғы үш томдыққа басылды. Сонымен қатар қалмақтың көне эпосы «Жәңгірді» аударуға да Қ. Аманжолов қатысқаны белгілі. Ол жеке кітап болып 1940 жылы жарияланды. Алайда сол шақтағы әдеби сын тарапынан да, кейінгі әдебиеттанушылық еңбектерден де бұл аударма туралы ешқандай пікір кездестіре алмадық. Жалпы Қасымның аудармашылық шеберлігі хақында әдеби–теориялық зерттеулер жоқтың қасы. Ендігі мақсат қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес болып қосылған осы шығармаларды ғылыми айналымға түсіріп, жан-жақты талдаулар жасау болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность) / А.С. Исмакова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 394 с.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
3. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір мәселелері / М. Әуезов. — Алматы, 1957.
4. Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том / С. Талжанов. — Астана: Ер-Дәулет, 2008. — 400 б.
5. Әлімқұлов Т. Қасым Аманжолов / Т. Әлімқұлов // Қасым Аманжолов. Шығармаларының толық жинағы. Үш томдық. 1-том. — Алматы: ҚМКӘБ, 1955.
6. Ысмайылов Е. Сын мен шығарма / Е. Ысмайылов. — Алматы: ҚМКӘБ, 1960.

Ж. Жарылғапов, Б. Оразова

Қасым Аманжолов — мастер художественного перевода

Статья посвящена изучению произведений классика казахской литературы — поэта Касыма Аманжолова в области художественного перевода. Проанализированы мировоззренческие и художественные особенности его стихотворений в переводе самых ярких представителей русской литературы — М.Ю. Лермонтова, А.С. Пушкина, Н.А. Некрасова, В.В. Маяковского. Переводы К. Аманжолова сравниваются с несколькими версиями русских поэтов на казахском языке. Приведен литературно-теоретический анализ оригинала и перевода. Авторами показаны структура оригиналов и

приемы, использованные казахским поэтом при переводе. Учтены сохранение структуры стихов, передача идей в переведенных произведениях, подача стиля. Исследованы различия в работе Абая над переводами стихотворений М. Лермонтова и К. Аманжолова. Таким образом, авторами статьи предпринята попытка определения роли К. Аманжолова в становлении и развитии традиции художественного перевода в казахской литературе.

Ключевые слова: перевод, художественный перевод, переводы К. Аманжолова, оригинал и перевод.

Zh. Zharylgapov, B. Orazova

Kassym Amanzholov is a master of literary translation

The article is devoted to the study of the works of the classic of Kazakh literature, poet Kassym Amanzholov, in the field of literary translation. The ideological and artistic features of his poems translated by the most prominent representatives of Russian literature — M.Yu. Lermontov, A.S. Pushkin, N.A. Nekrasov, V.V. Mayakovsky. K. Amanzholov's translations are compared with several versions of Russian poets in Kazakh. A literary-theoretical analysis is carried out between the original and the translation. The structure of the originals and the techniques used by the Kazakh poet in translation is shown. The preservation of the structure of the poems, the transmission of ideas in the translated works, the presentation of the style are considered. The differences between the experience of Abai in the translation of M. Lermontov's poems and the translations of K. Amanzholov are investigated. Thus, the authors have attempted to define the role of K. Amanzholov in the formation and development of the tradition of literary translation in Kazakh literature.

Keywords: translation, literary translation, translations of K. Amanzholov, original and translation.

References

- 1 Ismakova, A.S. (1998). *Kazakhskaya khudozhestvennaya proza. Poetika, zhanr, stil (nachalo XX veka i sovremennost)* [Kazakh fictional prose. Poetics, genre, style (the beginning of the twentieth century and the present)]. Almaty [in Russian].
- 2 Baitursynov, A. (2003). *Adebiyat tanytysh [Literature guide]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 3 Auezov, M. (1957). *Korkem audarmayn keibir maseleleri [Some problems of literary translation]*. Almaty [in Kazakh].
- 4 Taljanov, S. (2008). *Ush tomdyq shygarmalar zhynagy. 2-tom [A three volume collection of works. Vol. 2]*. Astana [in Kazakh].
- 5 Alimqulov, T. (1955). *Qasym Amanzholov [Kasym Amanzholov]. Qasym Amanzholov. Shygarmalarynyn tolyq zhynagy. Ush tomdyq [Kassym Amanzholov. Complete collection of works. Three volumes]*. Almaty: Qazaq memlekettik korkem adebiyat baspasy [in Kazakh].
- 6 Ismailov, E. (1960). *Syn men shygarma [Criticism and composition]*. Almaty: Qazaq memlekettik korkem adebiyat baspasy [in Kazakh].